

"Ақмола облысының Степногорск қаласында санкерамикалық бұйымдар өндірісін ұйымдастыру" жобасы бойынша герман кредитін өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 наурыз N 325

"Ақмола облысының Степногорск қаласында санкерамикалық бұйымдар өндірісін ұйымдастыру" жобасы бойынша герман кредитін өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 13588550 неміс маркасы сомасындағы герман кредитін және оның 1994 жылдан 1995 жылға дейінгі кезеңде төленген өсімдерін түпкі заемшы "Стройфарфор" акционерлік қоғамына қайта ресімдесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне осы кредитті өтеу жөнінде қарсы кепілдік берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі "Стройфарфор" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін, контракті бойынша алынған жабдықтарды сатып, түскен қаражатты "Стройфарфор" акционерлік қоғамының ішкі қарыздарын төлеу және герман кредитін өтеу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің арнаулы жинақтау шотына жіберсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі